



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

6+

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№35 (624)
4 қыркүйек,
2025 жыл

ТУҒАН ТІЛІМ – ТІРЛІГІМНІҢ АЙҒАҒЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы «Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы» №689 қаулысына сәйкес, 5 қыркүйек – халқымыздың тағдыры мен тілі үшін күрескен, қазақ әліпбиінің негізін салған, ұлт ұстазы, Алаштың ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орайластырып, Қазақстан халқы тілдері күні болып аталып келеді.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов Қазақстан халқының тілдер мерекесіне орай облыстық іс-шаралар жоспары бекітілгенін атап өтті.

– Шын мәнінде тілдер мерекесі – Қазақстанда тұратын барлық этнос өкілдерінің ана тіліне құрмет көрсететін ортақ мейрам.

Осы орайда Қазақстан халқының тілдері күні мерекесін атап өтудің облыстық іс-шаралар жоспары бекітілді.

Осыған сәйкес, Қазақстан халқының тілдері күні мерекесін 2-11 қыркүйек аралығында атап өтудің «онкүндігін» ресми жариялаймыз.



2

Айдынды Арал өңірінде елге белгілі дара дарындар дүниеге келген Бөген атты берекелі ауыл бар. Бұл елдімекенде қуатты қаламгер Зейнолла Шүкіровтен бастап небір сандақтар туып-өскен. Талантты жандар ауылдың атын көпке танытып, ел мерейін өсірді. Бүгінде сол ауылдың перзенті, ақын, айтыскер, ұстаз Ерженіс Әбдінің есімін ел арасында, ауқымды шараларда жиі естиміз. Білімі мен дарыны, пайым-парасаты өзгеше ақын сөз шеберлерінің жалғасы екені анық. Жуырда шығармашылық кешін елге ұсынатын Ерженіс Тастыбайұлымен мерейтой аясында сұхбаттасуды жөн көрдік.

ЕРЖЕНІС ӘБДІ, АҚЫН, ҰСТАЗ:

ӘЛІ ДЕ АЙТЫСҚА ҚАТЫСАМЫН ДЕГЕН ОЙДАМЫН

– Ерженіс аға, шығармашылық кешіңіз өтеді дегенді естігенде қуанып қалдық. Кеш өткізу туралы идея қалай туындады? Жаңа кітаптардың тұсауы кесіледі екен. Сол туралы да айтып беріңізші...

– Ниетіңізге рақмет! 30 жасқа толғанымда шығармашылық кеш өткізу туралы алғаш рет ой туындағаны рас. Дегенмен бұл идеяны жүзеге асыруға

келгенде бейқамдық таныттық па екен, арада жылдар сырғып өте береді. 35 жасқа толғанда да ойға алғаныммен орайы келмеді. «Бір тойым болатыны сөзсіз менің, Дәл қай күні екенін айта алмаймын» деп жырлаған Төлеген Айбергеновтың өлені маған сәйкес келетін сияқты. Бір той жасасaq деп үнемі айта жүрдік. Қырық жастың да туған күнін өткізіп алып, міне енді сол



мерейтой аясында ел алдында шығармашылық кеш өткізуге бел будық.

3-бетте

БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕ – ЖАҢА ЗАМАННЫҢ ҚАРУЫ

Әлеуметтік желі – бүгінгі күннің сахнасы. Біреу үшін ол тек көңіл көтерудің құралы болса, біреу үшін кәсіби мансапқа бастар жол. Солардың қатарында жас та болса талай жетістікке жеткен контент-мейкер, жас кәсіпкер Әлия Қабыл да бар. 20 жасында бизнес ашып, курстарын қалыптастырған ол бүгінде жүздеген шәкіртке бағыт-бағдар беріп жүр. Біз Әлиямен қазіргі контент индустриясы, кәсіпкерлікке қадам басу жайлы әңгіме өрбіттік.

– Бүгінде кез келген адам смартфон ұстаса – блогер, контент-мейкер болып кете алады. Бірақ кәсіби деңгейге көтерілудің басты шарты не?

– Иә, келісемін. Менің ойымша да солай. Яғни егер адамның қолында телефон болса, ол өзінің армандарын жүзеге асыруға, қалаған деңгейге шығуға, ауқымды нәтижелерге жетуге деген мүмкіндігін әлдеқайда арттырады.

Ал жалпы сұраққа оралатын болсақ, контент-мейкер мен блогер – екі бөлек ұғым. Контент-мейкер – әдетте көлеңкеде біреудің атынан контент жасайтын адам. Ал егер біз өзін-өзі дамытқысы келетін адамды алсақ, ол басқа әңгіме.

Әр адам блогер бола алмайды. Неге? Себебі үлкен аудитория жинау үшін, көпшіліктің сеніміне ие болу үшін ең



алдымен харизма керек. Сондай-ақ белгілі бір таланттың болғаны маңызды: мейлі ол ән айту болсын, жақсы билеу болсын – айырмашылығы жоқ, бірақ бір ерекше қырын міндетті түрде болуы тиіс. Сыртқы келбет те рөл атқарады. Немесе адам өте әзілқой болуы мүмкін. Яғни нағыз блогер болу үшін бірегей қасиет қажет. Дүниежүзілік деңгейде танымал блогер болу – бір күнде келетін дүние емес, оған ұзақ уақыт еңбектену керек әрі аз да болса туа біткен қабілетің болуы шарт. Кем дегенде 1% талант қажет.

5-бетте



7-бетте

КӨНЕ КІТАПХАНАЛАР: ӨРКЕНИЕТ ҚОЙМАСЫ



8-бетте



ЖҮЗІ АШЫҚ ҚОҒАМ – ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы 30 маусымда қабылдаған заңға сәйкес, 12 шілдеден бастап Қазақстан аумағында адамның бет-жүзін толықтай жауып, тұлғасын тануға кедергі келтіретін киімді қоғамдық орындарда кньюге ресми түрде тыйым салынды.

Қоғамдық орындарда бетті жабуға тыйым салу қажеттілігі жайлы алғаш 2018 жылы айтыла бастады. Парламент бұл тақырыптағы заң жобаларын жеті жылға жуық талқылаған. Осы уақыт ішінде әлемдік тәжірибе зерттеліп, халықтың пікірі назарға алынды.

4-бетте



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында қоғамның басты құндылығы – халықтың тұрмыс сапасын жақсарту және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету екенін атап өтті. Президент халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғыртуға, медициналық көмекті қолжетімді етуге, жұмыссыздықпен жүйелі күрес жүргізуге және мүмкіндігі шектеулі азаматтарды барынша қолдауға ерекше назар аударды. Бұл бағыттағы шаралар тек әлеуметтік тұрақтылықты нығайтып қана қоймай, аймақтардың даму көрсеткішіне де тікелей әсер етеді.

Осы орайда Қызылорда облысында да ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Әлеуметтік медициналық сақтандыруды жетілдіру, жаңа жұмыс орындарын құру, аз қамтылған отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек төлеу, мүгедектігі бар азаматтарды оңалтуға жағдай жасау, жастарға білім гранттарын бөлу секілді кешенді шаралар жүзеге асуда. Мемлекет басшысының тапсырмаларының орындалуы облыста нақты істермен айқындалып отыр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов мәлімдеді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт

Кемелұлы Тоқаев өзінің Жолдауында халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғыртуға ерекше көңіл бөлді. Осы тапсырмалар аясында Қызылорда облысында да бірқатар кешенді жұмыстар іске асырылып жатыр. Алдымен денсаулық сақтау саласына тоқталсақ, өңірде «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» арқылы 124 медициналық ұйыммен келісім жасалды. Бұл халықтың медициналық қызметке қолжетімділігін арттырды. Биылғы жартыжылдықта медициналық ұйымдар көрсеткен қызмет толық көлемде төленді. Жұмыспен қамту саласында нақты нәтижелер бар. «2025 жылға арналған өңірлік жұмыспен қамту жол картасы» шеңберінде 46 мыңнан астам жұмыс орнын ашу жоспарланса, оның 27 мыңнан астамы құрылды. Соның ішінде 15 мыңнан астамы – тұрақты, 12 мыңнан астамы – уақытша жұмыс орындары. 7 мыңға жуық азамат бос жұмыс орындарына орналасты, 11 мыңнан астамы субсидияланатын жұмысқа жіберілді. Ал Мемлекет басшысының «10 мың адамға 100 жұмыс орнын құру» тапсырмасы бойынша облыста 7 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Әлеуметтік тұрғыда әлсіз топтарға ерекше көңіл бөлінуде. Жаңа бизнес-идеяларды дамытуға қайтарымсыз мемлекеттік гранттар беріліп жатыр. Биылдың өзінде 600-ден астам азамат осындай қолдауға ие болды. Сонымен бірге мүгедектігі бар жандарды қолдау бағытында нақты жұмыстар атқарылууда. Өңірде 27 мыңнан астам азаматтың 23 мыңнан астамы оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес техникалық құралдармен қамтамасыз етілді. Бұл көрсеткіш бойынша облыс республикада бірінші орында тұр. Инватекс қызметін

пайдаланып жүрген тұрғындар саны да артып келеді. Қазір облыс көлемінде 67 арнайы көлік жұмыс істеп, 1500-ден астам азамат тасымал қызметін алды. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығы үшін 200-ден астам мектепте ақпараттық сабақтар өткізіліп, ата-аналарға түсіндірме жадынамалар таратылды, – деді Данияр Еренғалиұлы.

Әлеуметтік нысандарды бейімдеу жұмыстары да жүйелі жүргізілуде. 2025 жылға дейін 360 әлеуметтік ғимаратты бейімдеу жоспарланған болса, оның 135-і қолжетімді етілген.

– Зейнетақы мен жәрдемақы алушылардың төлем көлемі де артты. Жыл басынан бері облыста 296 мыңнан астам азаматқа зейнетақы мен әлеуметтік төлемдер берілді. Атаулы әлеуметтік көмек 19 мыңнан астам отбасы мүшелеріне тағайындалып, 5 мыңнан астам балаға қосымша төлемдер төленді. Сонымен қатар 700-ден астам отбасы коммуналдық шығындарын жабуға тұрғын үй көмегін алды. Жекелеген санаттағы 8 мыңнан астам азаматқа жергілікті бюджет есебінен әлеуметтік төлемдер жүргізілді. Жастарға қолдау ретінде облыс әкімінің гранты тағайындалып, 100 талапкердің оқу ақысы төленіп, жолақысы мен тамағына қосымша жәрдем көрсетілуде. Оның 70 пайызы жұмысшы мамандықтарына бағытталған. Осының барлығы Мемлекет басшысының тапсырмаларының жүйелі орындалып жатқанын көрсетеді. Халықты әлеуметтік қорғау бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да қарқынды жалғасатын болады, – деді Данияр Еренғалиұлы.

«АЖ» ақпарат

Жас Алаш. Шындық шырағы

Қызылорда қалалық «Жастар» театры жаңа маусымын тың серпінмен бастады. Биыл ел тарихындағы елеулі даталар – Қызылорданың астана болғанына 100 жыл және Алаш арысы Міржақып Дулатұлының 140 жылдық мерейтойы аталып өтуде. Осыған орай театр ұжымы алаштанушы, ғалым Елдос Тоқтарбайдың қаламынан туған «Жас Алаш. Шындық шырағы» атты тарихи драманы сахналады.

Қойылым желісі Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Смағұл Сәдуақасов, Айғаным Досжанова, Сұлтанбек Қожанов сынды Алаш арыстарының сол кездегі астана – Қызылордаға қоныс аударуымен өрбиді. Спектакльде біртұтас мемлекет құруды армандаған алаштықтардың жан-

– Қойылым әсіресе өңір көрермендеріне айрықша әсер сыйлады. Өзі тұрған қалада Алаш арыстарының іздері сайрап жатқанын сезінді. Кішкентай ғана сахнаны ұтымды пайдаланып, Міржақыптың соңғы ұсталуында балаларымен тығылмақ ой-наймыз деп көздерін жұмдырып, сан санатып қойып шығып кеткені, балалардың көздерін ашып «папалар» көрермен арасынан жүгіріп әкелерін іздегені көрермен көзіне жас үйірітті.

Жас театрдың жас әртістері жарады! Тамаша ойнады. Қойылым алдында режиссер олардың Алаш арыстарының өмір жолын, жан дауыстарын жүректерімен сезіну үшін музейге, архивке апарыпты. Соның да әсері болар ойындары барынша сенімді шықты, – дейді ол.

Қойылымды тамашалауға Міржақып Дулатұлының жиен немересі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Жаннат Әбенқызы Сатыбалдиева арнайы келіп, жас театр ұжымына алғысын білдірді. Кеш соңында мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтиярұлы мен қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Дүйсенбайұлы театрды құттықтап, шығармашылық топқа сый-сияпат жасады.

Сондай-ақ Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, ұстаз, ғалым Айман Айтбаева қойылымнан алған әсерімен әлеуметтік желі беттерінде бөлісті.

– Ақмешіт тағдырлас, Алаш тамырлас «Жас Алаш. Шындық шырағы» деп аталатын



кешті еңбегі, НКВД жемдеттерінің озбыр әрекеті мен ұлылардың ұлттық идея жолындағы ауыр тағдыры көрініс тапты. Драма арқылы көрермен Қызылорданың ұлт тарихындағы рөліне тағы бір көз жеткізді.

Жазушы, ақын, аудармашы, сценарист Ұларбек Нұрғалым Сыр еліне арнайы ат басын бұрып, спектакльді тамашалады.

тарихи драма қойылымына бардым. Хабар тигенде тәй-тәйлап келе жатқан Жастар театрының осындай тақырыптарға түрен салғанынашын куандым. Елдос Тоқтарбайдың әдебиетімізде ақсап тұрған драма жанрына бас сұққанына да шынайы риза болдым.

Жалпы, Міржақып тағдыры, Алаш тақырыбы біздің ұлттың ең жанды жері, жазылмаған жарасы. Оның жүгі авторға да, театрға да жеңіл емес. Десе де, жауапкершілік үдесінен қаламгер де, әртістер труппасы да шыға алды.

Драманы көріп отырып «қайран да, қайран Міржақыптың Сырда соққан жүрегі-ай, ұстаз Ахметтің болашаққа жетелеген үркер үміті-ай, арыс ғұмырлардың тағдыршешті кезеңдерін тарихқа қаттаған Ақмешіт-ай» дей беріппін... Бұыршының боздаған дауысы құлағымнан кетер емес. Қоңыраулы даланың қоңырауы жүрегімді әлі дүрсілдетіп тұр. Көз алдыма қанжоса болған Қазақ келе береді... Ауыр-ауыр ойларды артып жіберген қойылымнан үйге үнсіз оралып едім. Әлі сол күйі үнсізбін.



Сірә, біз әлі оянбаған шығармыз!.. – деді Айман Ералықызы.

«Жас Алаш. Шындық шырағы» – тек театрлық қойылым ғана емес, ел тарихын, ұлт рухын жаңғыртқан тағылымды туынды болды. Қызылорданың жас өнер ұжымы осылайша Алаш арыстарының асыл аманатын сахна арқылы көрермен жүрегіне жеткізді.

А.МАРАТҚЫЗЫ

1-бетте

Туған тілім – тірлігімнің айғағы

Онкүндіктің әрбір күніне тақырыптар бекітілген. 2 қыркүйек – «Тіл болашағы – балабақшада» деп аталады.

Онкүндігіміз қаладағы «Бегім ана», «Сыр еркесі» балабақшаларында өткен «Тілді сую – талбесіктен» акциясынан бастау алды. Шара аясында ертегілер арқылы бүлдіршіндерімізге ана тілін меңгерту, тілін ұстарту бағытында түрлі ертегі кітаптары, жаңадан баспадан шыққан «Балапан» журналдары, басқа да әдістемелік оқу құралдары тарту етілді.

Сондай-ақ тілдер мерекесіне орай облыс балабақшаларында ертеңгіліктер өткізілуде.

3 қыркүйекте «Мемлекеттік тіл – ел бірлігінің негізі» атты іс-шаралар өткізу жоспарланған. Бұл күні тіл жанашырларының, этнос өкілдерінің, тіл мерекесімен құттықтау бейнеролигі әзірленіп, әлеуметтік желілерде жарияланып жатыр.

Сонымен қатар, тіл мерекесіне арналған «Тіл – тарихтың үні» атты тақырыптық бейнеролик әзірленіп, облыстық телеарна, интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілер арқылы көпшілік назарына ұсынылууда, – деді басқарма басшысы.

4 қыркүйек – «Қауырсын қалам» деп аталады.

Бұл күні білім ұйымдарында «Тіл – мәңгілік елдің – мәңгілік мұрасы» тақырыбында шығарма жазылады және Жаңақорған ауданында «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлты ұлықтаған ұлы тұлға» тақырыбында мекеме қызметкерлері арасында эссе жазудан сайыс өтеді.

5 қыркүйек – «Тіл – татулық тірегі» деп аталады.

Бұл күні – Қазақстан халқының тілдері күніне арналған негізгі салтанатты шарамыз «Достық» үйінде өтеді.

Сонымен қатар барлық мекемелер мен ұйымдарда тілдер күніне арналған жиындар, дөңгелек үстелдер, мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруда үлес қосып жүрген мамандарды марапаттау бағытында түрлі форматта шаралар және облыс кітапханаларында тіл мерекесіне орай «Тіл – ұлттық қазына», «Мемлекеттік тіл – ел бірлігінің негізі», «Тіл – асыл қазына», «Тіл – ұлттың жаны, әр халықтың баилығы» тақырыптарында көрмелер ұйымдастырылады.

6 қыркүйек – «Тіл – ғұмыр» деп аталған.

Ғалымдардың тіл білімі саласындағы зерттеулерін мысалдар жериялау мақсатында Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығының әлеуметтік желі парақшасында ақпараттық-танымдық айдарлар жарияланады.



7 қыркүйек – «Тіл туралы толғамдар» деп аталады.

Ахмет Байтұрсынұлының нақыл сөздері Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығының және қала, аудан әкімдіктерінің әлеуметтік желілерінде жарияланады.

8 қыркүйек – «Жастар және тіл» тақырыбына арналды. «Жастар» ресурстық орталығында «Қазақша сөйлеу – тренд» TedX форматында ашық пікір алаңы, «Анаға тағзым» орталығында «Ана тілім – ұлтымның болашағы...» ойталқы алаңы, «Қоғамдық келісім» орталығында этнос өкілдері арасында «Қазақша QUIZ» облыстық байқауы, жоғары сынып оқушылары арасында «Үштілділік – заман талабы» атты дебат, қалалық мәдениет үйінде «Сөйле, сөйле жүрек тілі, жыр тілі» атты көркемсөз оқу шеберлерінің байқауы, Жалағаш ауданында «Ұшқыр ой» жастар арасында топтық интеллектуалды сайыс ұйымдастырылады.

9 қыркүйек – «Тіл және қоғам» мәселесіне негізделген.

Бұл күні мемлекеттік тілді насихаттау бағытында «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға отыру және облыстық «Қазақ тілі» қоғамдық ұйымының ұйымдастыруымен Қызылорда қалалық техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында «Бір шаңырақ астында – көп тіл, ортақ жүрек» атты тілдер фестивалін өткізу жоспарлануда.

10 қыркүйек – «Мемлекеттік тіл – қоғамдық көліктерде» деп аталады.

Қызылорда қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен қалаішілік қоғамдық көліктерде «Тіл тазалығы» акциясы өткізіледі.

11 қыркүйек – «Сөз маржанын терсеңіз» деген тақырыппен түйінделеді.

Арал ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Тіл – достықтың алтын көпірі» атты жас ақындар мүшайрасы, Сырдария ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Ана тілің – арың бұл» жаңылтпаш пен мақал айту сайысы өтеді.

Барлық ұйымдастырылған шаралар #Тіл мерекесі, #Қазақстан халқының тілдері күні хэштегтерін пайдалана отырып, кең көлемде ақпараттандырылады.

Жалпы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бағытындағы шаралар тек қана тілдер мерекесі қарсаңында ғана емес, жыл бойы жүргізіледі.

Баспасөз конференциясында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы ҚБ Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Абайбек Жүнісов жылдан жылға мемлекеттік тіліміздің мәртебесі көтеріліп, көптеген шаралар атқарылып жатқанын атап өтті.

– Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы ҚБ Қызылорда облыстық филиалының осыған сәйкес мақсаты да мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, оның мәртебесін одан әрі арттыру, сондай-ақ жастарға ұлттық құндылықтарымызды насихаттау болып табылса, осы бағытта жыл басынан бері облыс көлемінде көптеген іс-шара атқарылып жатыр, – деді ол.

А.НҰРТАЙҚЫЗЫ



ЕРЖЕҢІС ӘБДІ, АҚЫН, ҰСТАЗ: ӘЛІ ДЕ АЙТЫСҚА ҚАТЫСАМЫН ДЕГЕН ОЙДАМЫН

1-бетте

Алла қаласа, сол шарада екі кітаптың тұсауын кескелі жатырмыз. Осыған дейінгі жазған өлеңдерімді жинақтап «Анаға сағыныш» деген атпен кітап дайындадық. Ол да бұрыннан ойда жүрген туынды еді. Сәті енді түскен болар. Сондай-ақ «Батыр балапан» атты балаларға арналған өлеңдер жинағының үшіншісін жарыққа шығарғалы жатырмыз.

– Талантты тұлғаларымен танымал Бөгенде туып-өскеніңізден хабардармыз. «Айтыскер ақын атанып, елге танылуыма әсер еткен ұстазым» деп кімдерді айтар едіңіз?

– Расында да Арал ауданындағы Бөген ауылында елге белгілі қаламгер Зейнолла Шүкіров атамыз, бірқатар ақын-жазушылар, сөз шеберлері дүниеге келген. Сондықтан ол ауылдан шығып ақын болмау мүмкін емес секілді. Бөгеннің әрбір екі тұрғынының біреуі ақынжанды деп айтсақ та болады.

Иә, кішкентайымнан-ақ үздік болып, көпшілікке өнерімді көрсетсем деген арманмен ержеттім. Өзім поэзия жанрының бірнеше саласымен айналыстым десем де болады. Өн де айттым, спортқа да құмар болдым, бала кезден өлең жазып, айтысқа да қатыстым. Бірақ сол ұстаздарымның бастауында өзімнің әкем тұрды. Әкем Тастыбай Әбдиев алыс-жақын жұртқа белгілі ақын кісі болды. Мұнан кейін мектепте де пән мұғалімдерін бөліп-жармай, өнегелі істерін ойға түйіп, барынша тәлім алуға тырыстым. Осы кісілердің бастап берген «әліппесінен» бағыт-бағдар алып, талабыммен танылып, үлкен армандарға ұмтылдым деп ойлаймын.

– Гуманитарлық саланы емес математика бағытын таңдауыңызға не себеп болды?

– Оқушы кезімде гуманитарлық, жаратылыстану деген бағыттарды ойлай қоймадым. Мен үшін барлық пән бірдей еді. Барлығына қызықтым. Алла осылай сәтін салған шығар, педагогикадан басқа қай саланы тандасам да, бел шеше кірісіп, соның майталманы болуға ұмтылар едім.



Математиканы таңдауға да себепкер болған әкем деп ойлаймын. Әйтпесе, алғашында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, филолог болғым келді, музыкант немесе футболшы болсам деп те армандадым. Бірақ «математиканы таңда, арасында өлең де шығара аласың» деп

ең соңғы шешімді әкем айтты. Ол кісі де математика пәнінің мұғалімі болып ұзақ жылдар мектепте еңбек еткен болатын. Расында, есеп шығару мен өлең шығарудың қызығы мен қиындығы бірдей екен.

– Бірнеше жыл бұрын «Ерженістің ерекше есептері» атты туындыңыз жарық көрді. Бұл кітап өзге де мектептерде оқу процесінде қолданылды ма? Сабақ барысында өлең есептерді жиі пайдаланасыз ба?

– «Ерженістің ерекше есептері» атты жинақтағы жұмбақтарды барлық мектептегі мұғалімдер қолданады деп айта алмаймын. Бірақ өзге өңірлерден де хабарласып, ашық сабақтарында қолданып жүрген әріптестерімді білемін. Бұл – оқу процесіне қосымша дидактикалық материал. Жыл бойына, әр сабақты өлең есеппен жүргізу мүмкін емес. Дегенмен ашық сабақтар мен сергіту сәтінде таптырмас құрал деп есептеймін. Кейінгі 3-4 жылда бірыңғай 10-11 сыныптарға сабақ беріп жүргендіктен бұл есептерді қолданбаймын. Оған дейін орта сыныптарға сабақ



берген кезімде математиканы түсіну жеңіл болсын, қызықты өтсін деген ниетпен жинақты жиі пайдаландым. Бұл өлең есептер оқушылардың ой-жүйесін тапқырлыққа баулитынын байқадым. Сондай-ақ, бүгінде бастауыш сынып мұғалімдері де сабақ барысында қолданады.

– «Күміс домбыра» иегері, жас та болса елге

қыздырып жүр. Ерасыл, екі Еркебұлан, Зере, Нұржігіт сынды шәкірттерімді тізбектеп айта беруге болады. Арасында мектеп қабырғасында жүргендері бар, дайындық үшін бір-екі күнге келіп кететіндері, үйімде біраз



уақыт қонақ болып, толық айтысқа дайындалатындары бар. Олардың бәрін шәкіртім деп есептеймін.

– Білім саласында көп жылдан бері еңбек етіп келесіз. Баланың қабілетін ашу кімге байланысты? Бүгінде айтыс

пәнінің мұғалімдері талантты жасты дер кезінде танып, көзіндегі отты байқай алса, кез келген білім ордаларынан мықты айтыскерлер шығады.

– Ақындар мен журналистер сіздің кішіпейіл

мінезіңізді, мәдениеттілігіңізді жиі айтады. Өмірлік ұстанымыңыз қандай? Рухани тұрғыда даму үшін қандай кітаптарды оқисыз?

– Көтермелеп жатқаныңызға рақмет! Елден ерекше кішіпейіл, өзгелерден бөлек болайын деген ой жоқ. Керісінше қажет жерде ғана сөйлеп, қажетсіз кезде көзге көріне қоюды қаламайтындығымнан шығар, бәлкім. Егер менің сөзім бір жерге пайдалы болатын болса, сол жерде сөйлеуім керек, ал егер басқаларға айтқан кезде намысына тиетін жағдай болса, үндемей-ақ қоюым керек деген ұстанымым бар. Осы мінезім мені қарапайым қылып көрсететін шығар. Жалпы кез келген жағдайды бағдарлап, ханмен де қарамен де бірдей деңгейде сөйлесуге тырысамын.

Арнайы «мына кітаптарды оқысам рухани дамым» деген оймен кітап таңдаған емеспін. Бірақ өмірде өз орнын қалыптастырған тұлғалар туралы білуге тырысып, солар туралы еңбектерге назар аударамын. Осы жақында ғана Ұларбек Дәлейұлы деген замандасымыздың «Жошы хан» аталатын кітабын бітіріп жатырмын. Бұған дейін білетін тарихымыз. Бірақ сонда да көркем түрде жазылған шығарманы арнайы оқығым келді.

– Сізді айтыстардан жиі байқай бермейміз. Алдағы уақытта айтыстарға қатысуыңыз мүмкін бе?

– Иә, дұрыс айтасыз. Кейінгі кездері айтыстарға жиі қатысып жүрген жоқпын. Оны ойлап кейбір кісілер айтысты мүлде қойып кетіпті деп те айтып жатыр. Мектепте жүргеннен кейін оқушылардың, ата-аналардың маңызды өтініштері, оқу орнының мәселелері болады. Сондықтан ұзақ жол жүретін, алыстағы айтыстарға бара алмай жатырмын. Облыстың маңайындағы айтыстарға өзімнің бабымды жоғалтып алмайын деп қатысып жүрмін. Алла қаласа, сәті болса әлі де айтысқа қатысамын деген ойдамын.

– Сұхбат үшін рақмет!

Әңгімелескен
Айдана ЖҰМАДИНОВА

АНАМНЫҢ САМАУРЫНЫ

Бу бұрқырап, су тамып маңдайынан,
Қою түтін будақтап кернайынан,
Екі иіннен демалып самаурын тұр
Өткен күнді оқытып өн бойынан.

Түсінгесін шайқұмар ақын жанын,
Жарым өзі жағып жүр отындарын,
Көңілімді тауып жүр, бірақ та мен
Көңілімді жоғалтып отырғаным?

Әй, бәйбіше, қоя тұр күдіктенбей!
Болдың өзін жарамды түрткендей.
Іштегі отты тұтатып жібердің ау,
Етікпен мұржадан жел бүріккендей.

Бұл самаурын - анамның бұйымы еді,
Бізге содан талай шай құйып еді.
Шай құйғанда кесеге махаббатпен,
Шайдай ашық болушы еді үй үнемі.

Өлемдегі ең дәмді асы нағыз
Болғандықтан,
Жиылып қасына біз,
Қойды өріске айдап сап анамыздың
Қою шайын ішуге асығамыз.

Берген Құдай бір күні анамды алды,
Қалды жоқтап әкеміз адал жарды.
Мың тірлігін тірілер бөліп алдық,
Самаурыңа от жағу маған қалды.

Кім қояды, шайды мен қоймағанда,
Анамды енді күткеннен пайда бар ма?!
Самаурын да иссін сағынады-ау,
Мен секілді жылайды қайнағанда.

Кезіп жүріп әлемді - шарайнаны,
Ұмытылып кетті тез қалай бәрі?
Қағын қағып жіберді жүрегімнің
Самаурыным шаң басқан сарайдағы.

Жаңалыққа адамдар не еткен бейім,
Қыздырмапты көп жылдар шок кернейін.
Самаурыңды ұмытып кетіппіз ғой,
Анамызды ұмытып кеткендейін.

Болған бала кезімнен таныс маған,
Көненің көзінен еш алыстамаң!
Деп анамның қастерлі дүниасын
Келінінің қолына табыстаған.

Көңілге алма, бәйбіше-ау, ештенені.
Бақытыңды күйеуің қош көреді.
Самаурының анамның қайта жақтың -
Ошағымның осы ғой өшпегені?!

ЕСКІ МЕКТЕП

Жәдігер азадау ауылдағы.
Жүректі ауыртады оның бәрі.
Елеусіз шетте қалды ескі мектеп,
Есікке қара құлып салынғалы.

Жүр дейді көне буын жылап әлі,
Тұр дейді көне мектеп құлағалы.
Бір күні опырылып түсетінін
Ойласам, қос көзімнен су ағады.

Білсем де оралмасын көктемімнің,
Қайтып кеп қол алмасын өткенімнің,
Көзімді жұмамын да, қиялыммен
Ішіне еніп кетем мектебімнің ...

... Қонырау ішке кір деп асықтырды.
Жүгірді ұл аяғымен шашып құмды.
Қара зіл көк есікке әлі келмей,
Итеріп иығымен ашып кірді.

Қараңғы кіреберіс, дәліз жарық,
Дәлізде гүл күліп тұр қауыз жарып.
Ұл келіп сыныбына өтіп кетті,
Қолына аузындағы сағызды алып.

Есігі, терезесі, тақталары.
Партасы, көк қаламы, ақ парағы.
Байлықтың ортасында осыншама
Ұл отыр кірлемеген әппақ ары.

Бала тұр кітапхана бұрышында,
Сондағы апаығы оған ұрысуда.
Кітабын оқи-оқи жыртып алған,
Мінеки, шыбын жаны қыл ұшында.

Спорт зал. Екі көзі шамдай жанып,
Бала жүр донка қарап, таңдай қағып.
Сабақтан үйге қарай қайтысы жоқ,
Ойынға қырық минут қанбай қалып ...

... Бак сынап өмір деген мына сында,
Ұядан ұзасам да, расында.
Әлі күн балалығым асыр салып
Жүргендей ескі мектеп класында.

Ұямның жайын мендей кім ұғайды,
Бір күні әлі құрып, жығылады.
Сол кезде әлгі албырт балалығым
Білмеймін, қайда барып тығылады?

«ТАЗА» АДАМ

Оқушының көздерінше қаншама:
– Не боп кеткен мына түрің, балақай?
Қолын неге күс-күс еді соншама,
Бетін неге жағал-жағал?! – деді апаы.

Сүттен аппақ болды дейсің қай бала?!
Қолдың күсін ержеткен соң кетірдім.
Жігіт болып, қарап едім айнаға,
Ақтандағы кетіп қапты бетімнің.

Байқап тұрсам, қол-аяғым кір кезде
Жан-дүнием судан таза болыпты-ау!
Сыртым таза, бетім жылтыр бұл кезде
Ішім әбден кір-қоқысқа толыпты-ау?

Содан болар, сырты сұлу болса да,
Жатырқаймын ересектеу адамды.
Керісінше, кір-қожақ болса да,
Құшырланып иіскеймін баламды.

Ерженіс Әбді



Жаңа талаптың негізгі мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектемей, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, тұлғаны анықтауға мүмкіндік беру және құқық бұзушылықтардың алдын алу болатын. Қабылданған заң нормаларына сәйкес, бетті тұтас жабатын бетперде, никаб, паранджа сияқты киімдерге тыйым салынды. Ал хиджаб, шейла, химар, аль-амира сияқты бет-жүзді жаппайтын діни киім түрлеріне бұл шектеу қолданылмайды.

Медициналық көрсетілімдерге байланысты немесе ауа райының қолайсыздығына байланысты бет жабуға рұқсат беріледі. Сондай-ақ қызметтік міндеттерді орындау кезінде, азаматтық қорғау жұмыстарына қатысқанда, спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларда да бұл талап қолданылмайды.

Жаңа заң аясында айтылған пікірлер сан түрлі. Бірі жақтаса, бірі құптамады. Маскадан бөлек діни киімдер қатарындағы «паранжы, никаб» секілді жамылғыларды бірі «қазақ тарихында болмаған» десе, енді бірі оны «кимешекпен» салыстырып әлек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтай отырысында қара жамылғы жөнінде ойын ашық айтып, елді ұлттық киімдерді киюге шақырды.

– Қоғамда ұлттық киімге қызығушылық артып келеді, оны мектептерде және басқа да мекемелерде, соның ішінде ірі компанияларда киетін болды. Жоғары сұраныс тігін цехтарының ашылуына, жаңа брендтер мен дүкендердің пайда болуына ықпал етті. Осылайша, ұлттық киім кию біртіндеп күнделікті құбылысқа айналып келеді. Бұл – өте жақсы үрдіс. Бет-жүзді тұмшалайтын қара жамылғыны кимей, ұлттық стильдегі киімді таңдаған әлдеқайда дұрыс. Біздің ұлттық киіміміз этникалық бірегейлігімізді айқын көрсетеді, сондықтан оны жан-жақты насихаттау қажет, – деді Президент.

Құқық қорғау органдары өкілдерінің айтуынша, қылмыс жасаған адамдар көбіне бет-жүзін жасыруға тырысады. Бұл олардың кім екенін анықтауды қиындатады. Мәселен, жаппай төбелестер мен тәртіпсіздіктер кезінде, әсіресе футбол фанаттары беттерін шарф не маскаммен жабады. Сондай-ақ ұрлық, тонау, көлік ұрлау, есірткі тарату сияқты ауыр қылмыстарды бетін бүркегендер жасайтын жағдайлар жиі кездеседі.

Заң күшіне енгеннен кейін полициялер облыстарда кең көлемде түсіндіру жұмыстарын бастады. Учаскелік инспекторлар базарларда, аялдамаларда, адам көп шоғырланған орындарда тұрғындарға жаңа талаптың мәнін түсіндіріп, құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша кеңес беруде. Сонымен қатар олар интернет-

аялақтардың әрекеттері мен тұрғындардың жиі алданып қалу себептерін де мысалдармен жеткізіп жатыр.

Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының стратегиялық талдау бөлімінің жетекшісі Елнар Берікбаев өз пікірінде былай дейді:

– Қоғамдық жерде бетті жабуға тыйым салу – қоғамдық қауіпсіздік талаптарымен байланысты. Себебі бетті жабу құқық қорғау органдарына адамды анықтауға мүмкіндік бермейді. Ең заманауи бейнебақылау жүйелері де пайдасыз болып қалады. Масовой төбелестер, қылмыстар кезінде адамның бетін жасыру арқылы жазадан қашып кеткен жағдайлар болды. Бұдан бөлек, мұны іздеуде жүрген қылмыскерлер де пайдалана алады. Тағы айта кету керек, тыйым балаклава, маска және никабка қатысты, – деді ол.

Жаңа талаптарды сақтамаған азаматтар қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Нақтырақ айтқанда Тыйымды бұзғандарға 170 мың теңгеден астам айыппұл салынады. Кейбір жағдайда 15 тәулікке дейін қамауға алынуы мүмкін.

Көршілес жатқан мемлекеттер де бұл шектеуді енгізгеніне көп уақыт болған жоқ. Мәселен Қырғызстанда 2025 жылдың қаңтарынан бастап никабка тыйым салынса, Өзбекстанда 2023 жылдан бері шектеулер бар. Ал Тәжікстан 2017 жылы никабты «ұлттық мәдениетке жат» деп танып, тыйым енгізген. Мұндай бастамалар ұлттық бірегейлікті сақтауға, зайырлы қоғам құндылықтарын қорғауға бағытталған.

Сондай-ақ бүгінде әлемнің ондаған мемлекетінде бет-әлпетті толық жабатын киімге тыйым салған. Олардың қатарында Франция (2010), Бельгия (2011), Австрия (2017), Дания (2018), Нидерланд (2019), Швейцария (2021) секілді Еуропа елдері бар. Сондай-ақ Африкадағы Камерун (2015), Чад (2015), Тунис (2019), Конго (2015) және Азиядағы Шри-Ланка (2019), Қытай (2017) осыған ұқсас заң қабылдаған.

Белгілі этнодизайнер Ырза Тұрсынзада жаңа тыйымға қатысты жеке пікірімен бөлісті:

– Мен биолог, физиолог ретінде бастың жабық болуы міндетті деп есептеймін. Өйткені шаш пен ең басты чакра қорғалуы тиіс. Кез-келген мәдениетте ер адамдар басына такяя киіп, әйелдер түрлі орамал таққаны белгілі. Біздің тарихымызда әйел әрқашан тартымды, әдемі және жүзі ашық жүрген. Бұл – халықтың менталитеті. Жалпы қазақ халқы тұмшаланбаған, – дейді ол.

Иә, қоғам тарапынан «дінге қарсы бағытталған» деген сынайда пікір білдірушілер пайда болатыны

Жүзі ашық қоғам – қауіпсіз қоғам

анық. Алайда бұл өзгерістерді діни шектеулермен байланыстыру шындыққа жанаспайтын һәм қате ұғым. Егер заң қауіпсіздік үшін қажет болса, оны түсіністікпен қабылдау міндетіміз. Сонымен бірге билік діни бостандықты шектемейтінін, тыйым тек бет-жүзді толық жабатын киімдерге қатысты екенін айқын түсінуіміз қажет. Хиджаб, шейла сияқты киімдерге шектеу қойылмайтыны – соның дәлелі.

Еркіндік пен қауіпсіздік – кез келген қоғамда бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ кейде бір-біріне қайшы келетін құндылықтар. Азамат үшін еркіндік – ең басты құқықтардың бірі. Әркімнің өз ойын айтуға, дінін ұстануға, қалаған киімін киюге құқығы бар. Бұл – демократиялық қоғамның негізі. Десе де мемлекет тек жеке адамның еркіндігі үшін емес, жалпы қоғамның қауіпсіздігі үшін де жауапты. Егер бет-жүзді толық жабу қылмыскерлерге жасырынып жүруге мүмкіндік берсе, онда бұл – қоғам үшін үлкен қауіп. Қоғамда тәртіп, тыныштық болмаса, еркіндіктің де қадірі болмайды.

Міне, мәселенің түйіні – осы екі құндылықтың ортасын табу. Еркіндік толық шектелмеуі керек, яғни хиджаб, орамал сияқты бет-жүзді жаппайтын діни киімдерге рұқсат беріледі. Ал бетті толығымен бүркеп, тұлғаны анықтауға кедергі жасайтын киімдерге тыйым салынады. Азаматтарға – сенім бостандығы, өзін еркін сезіну құқығы қалады. Мемлекетке – тәртіп пен қауіпсіздікті қорғау міндеті сақталады. Жаңа норма тек қана қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін енгізілгенін қаперімізге алған жөн.

Қылмыскерге бүркеніш болған киім

Жаңа заңнамаға түсінік беру үшін халықаралық тәжірибеден нақты оқиғаларды тілге тиек еткіміз келеді. Кейбір елдерде бет-құралдарын (никаб, бурка, паранджа) қолдана отырып, жоспарланған қылмысты жүзеге асыру жағдайлары тіркелген. Бұл оқиғалар биліктің осындай киім түрлеріне шектеу енгізу шешімдеріне алып барды.

2024 жылдың маусымында Дағыстанда шіркеулер мен полицияға бағытталған бірқатар ұйымдасқан шабуылдар жасалды. Оқиғадан кейін аймақтағы діни басшылыққа және билік органдарына қауіпсіздік шараларын күшейту қажет болды. Дағыстан мұфтияты атышулы оқиғадан кейін уақытша никаб киюге тыйым салғанын хабарлады. Бұл шешім қауіпсіздік жағдайындағы қажеттілікпен және никабтың бетті жасырушы қасиетімен түсіндірілген болатын.

Сондай-ақ келесі бір деректерге үңілсек, Иорданияда ер адамдардың кейде «химар-никаб» секілді бетті тұмшалайтын киіммен банк тонау, полицияларға шабуыл жасау секілді сан түрлі қылмыстық оқиғалар орын алған. Бұл жағдайлар да аталған жамылғыларға қатысты қауіпсіздік мәселесін қайта қарастыруға түрткі болды.

Бурка киімін жасырыну мақсатында пайдаланған атышулы оқиғалар тізімінде Филадельфияда және бірнеше елде «бурка бандит»

атанған сериялы банк тонаушылар, сондай-ақ Лондонда бурка киіп ұрлық жасаған қылмыстық топтың істері жарияланған. Бұл оқиғалар – бет-жүзді бүркеніп, куәгерлердің және камералардың тұлғаны анықтау мүмкіндігін төмендету арқылы қылмыстық әрекетті іске асырғандар.

Көптеген зерттеу мен ресми баяндамалар никабтың өзі қылмысқа «себепші» дегенді дәлелдемейді. Мұндағы мәселе – нақты тұлға мен жағдайларға байланысты, яки бетті бүркеніп жасыру қылмысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді немесе оны жеңілдетеді деген қауіп туындайды. Сондықтан көптеген елде енгізілген шектеулер қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп пен тұлғаны сәйкестендіру қажеттілігімен түсіндіріледі.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, никаб пен бурка тәрізді бетті толық жабатын киімдерді кейбір қылмыскерлер бүркеніш ретінде пайдаланған оқиғалар саны көп. Тіпті сот-медициналық сараптамалар бетті жабатын киімнің дауыс арқылы сәйкестендіруге де кедергі келтіретінін айтып отыр. Сондықтан Қазақстандағы мұндай шектеу – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған нақты қажеттілік. Дегенмен бұл мәселе діни бостандық пен қауіпсіздік аралығындағы нәзік балансты талап етеді.

Аймақта жаңа заң талаптары түсіндірілуде

Қабылданған жаңа заңға байланысты Қызылорда облысында полиция қызметкерлері тұрғындар арасында кең көлемде түсіндіру жұмыстарын жүргізуді бастап кетті. Олар халық көп жиналатын орындарда – базарларда, аялдамаларда, ойын-сауық орындарында заңның мәнін, құқықтық негіздерін және жаңа талаптарды сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Мамандардың айтуынша, бұл жаңашылдықтың басты мақсаты – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, азаматтарды жедел сәйкестендіру және құқық бұзушылықтардың алдын алу. Шектеу адамның жүзін толықтай жауып тұратын киімдерге, атап айтқанда маска мен никабка қатысты.

– Бұл – алдын алу мақсатындағы шара. Ең бастысы – қоғам қауіпсіздігі. Жаңа талап ешкімнің діни немесе мәдени дәстүріне қарсы бағытталмаған. Адам көп жиналатын орындарда тұлғаны дер кезінде анықтау – құқық бұзушылықтардың алдын алуда маңызды, – дейді полиция қызметкерлері.

Полициялар жаңа ережелерді сақтау – әр азаматтың міндеті екенін ескертті. Талапты бұзу қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік жауапкершілікке әкелуі мүмкін. Бүгінде түсіндіру жұмыстары облыстың барлық ауданында жалғасуда. Оған жергілікті атқарушы органдар, қоғам белсенділері мен діни бірлестіктердің өкілдері де атсалысып жатыр.

Аружан ОРАЛБАЙ

Қазақстанда несие рәсімдеудің жаңа ережесі енгізілді

Қазақстанда банктер енді белгілі бір сомаға несие берген кезде «ойлану кезеңін» сақтауға міндетті. Бұл туралы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (ҚНРДА) төрағасы Мәдина Әбілқасымова мәлімдеді. Оның айтуынша, егер несие сомасы бір миллион теңгеден асса, банк ақша берер алдында 24 сағаттық мерзім белгілеуге міндетті. Осы уақыт ішінде тексеріс жүргізіледі: шынымен несие алушының өзі рәсімдеп жатыр ма және ол алаяқтардың құрбаны емес пе, соны анықтау қажет.

– Егер қарыз алушы алаяқтардың ықпалында болса, ойлануға, бәрін саралап, жалған несие рәсімдеуден бас тартуға мүмкіндігі пайда болады. Егер несие бір миллион теңгеден

асса, ойлану кезеңі 24 сағат болады, – деді Әбілқасымова Астанада өткен Парламент палаталарының бірлескен отырысының кулуарында. Агенттік төрағасының айтуынша,

150-ден 250 АЕК-ке дейінгі (2025 жылы шамамен 600 мыңнан 1 миллион теңгеге дейін) несиелер үшін қысқартылған «ойлану кезеңі» қарастырылған – 8 сағатқа дейін.



– Бұрын банк қосымшасында несиеңі бірнеше минут ішінде рәсімдеуге болатын. Енді 600 мың теңгеден асатын сома кезінде банктер 8-ден 24 сағатқа дейінгі мерзімді сақтауға және несиеңің алаяқтық типологиясына жатпайтынын тексеруге міндетті, – деп түсіндірді ҚНРДА басшысы.

Бұған дейін қазақстандықтарға онлайн-несиелерді жаңа тәртіппен мақұлдау енгізілетіні хабарланған болатын. Атап айтқанда, жаңа ережелер бойынша клиенттің жеке басын сәйкестендіру және растау үшін мына тәсілдерді қолдануға болады:

- Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ);
- Биометриялық деректер;
- Төлем картасының деректері (нөмірі, қолданылу мерзімі, төлем жүйесі) – егер клиент бұрын жеке сәйкестендірілген болса және карта банк немесе пошта ұлттық операторы арқылы шығарылса, онымен келісім бар болса;
- Мемлекеттік деректер базасымен салыстыру;
- Клиентпен келісілген және орнатылған бірегей идентификатор.

АЖ ақпарат



Әлия ҚАБЫЛ,
контент-мейкер, кәсіпкер:

Білім мен тәжірибе — жаңа заманның қаруы

1-бетте

Ал контентмейкер бола алмайтын адам жоқ деп ойлаймын. Неге? Өйткені мұнда базалық білім, қарапайым қадамдар бар. Барлығымыз да видеоны монтаждап, әлеуметтік желіге жүктей аламыз. Тек дұрыс контент жасауды, оны табысқа айналдыруды үйрену қажет. Ол үшін дағдыны шыңдап, тәжірибе жинап, кәсіби деңгейге көтерілу керек.

– **Контент жасауды көбіне жеңіл көретіндер бар. Ал іс жүзінде бұл мамандықтың психологиялық, шығармашылық және уақыт жағынан ең күрделі екенін біріміз білеміз. Күйзеліспен қалай күресесіз?**

– Шын мәнінде, күйзеліс пен шаршау – кез келген жұмыста кездесетін құбылыс. Мемлекеттік қызметте істесең де, фрилансер болсаң да немесе басқа мамандық иесі бол, бәрібір ол сенен айналып өтпейді. Неге? Өйткені ол қарапайым факторлардан туындайды: ұйқының жетіспеуі, дұрыс тамақтанбау, күнделікті тәртіп пен өмірлік баланстың бұзылуы. Мұндай кезде оның салдары өмірдің барлық саласына әсер етеді.

Дегенмен адамның әрқашан таңдауы бар. Өмірдің өзі кара мен ақтың үйлесімінен тұрады. Жаксы сәттер де, қиын сәттер де қатар жүреді. Ал адам өзі қайсысын таңдауы керек. Мысалы, біреу кішкентай жалақыдан қажиды, енді біреу фриланста моральдық тұрғыда шаршайды. Бұл – таңдау. Сен спортпен айналысқың келмеуі мүмкін, бірақ соның салдарына дайын болуың керек. Яғни екі жақта да қиындық бар, тек қай қиындығың өзін үшін пайдалырақ екенін таңдауың қажет.

Мен үшін де солай: жақсы табыс табу, танымал болу, көпшілікке белгілі есімге айналу – мұның бәрі оңай емес. Мұндай жағдайда да «күйзеліссіз» болмайды. Бірақ бұл – жұмыстың бір бөлігі. Маңыздысы – уақытылы демалып, қайта күш жинап, жаңадан жұмысқа кірісу.

Шын мәнінде контент жасау, түсірілім алаңына барып, жаңа дүние ойлап табу – кәдімгі тұрақты жұмыстан әлдеқайда қиын. Себебі мұнда сен өзін үшін жұмыс істейсің, ал табысың тікелей өз еңбегіңе байланысты. Бұл жай ғана кеңсеге барып, дайын еңбекақы алу емес. Марғұлан Сейсенбай айтқандай: «Миллиардер болудың жолы қандай? Біріншіден – үлкен жауапкершілікті алу, екіншіден – тәуекелге бару». Міне, осы екі нәрсе ғана адамның жақсы табыс табуына жол ашады.

Контент жасау да, блогер болу да – күн сайын тәуекелге бару. Бұл – ең алдымен өзіңді таңдау, өз атыңды алға шығару, басымдықтарыңды дұрыс қою. Жұмыс істеп қана табыс табасың. Сондықтан блогерлер жетістікке жетеді. Өйткені өмірде ештеңе кепілдендірілмеген, тұрақтылық деген ұғым жоқ.

– **Қазақстандағы контент индустриясының болашағын қалай елестетесіз? Бұл сала тұрақты кәсіпке айнала ма, әлде уақытша тренд болып қала бере ме?**

– Менің пікірімше, жеке бренд, блогерлік, есім қалыптастыру – бұл құбылыстар бізбен әлі ұзақ уақыт бірге болады. Неге десеміз, одан бұрын да әлемде әншілер, бишілер, әртістер болған. Олар да әлеуметтік желіде емес, өзге аланда жеке брендін дамытқан адамдар еді. Дәл сол сияқты, қазір бұл үдеріс әлеуметтік желі арқылы жүзеге асып жатыр. Әлеуметтік желілер болашақта қаншалықты өзгерсе де, оның мәні жойылмайды, өзектілігін жоғалтпайды.

Егер бұрын «ең жақсы уақыт – ағаш отырғызатын немесе акция сатып алатын уақыт» делінсе, қазір ең дұрыс уақыт – бүгін. Себебі бұл сала күннен-күнге дамып келеді. Мәселен, Қазақстанды ТМД елдерімен салыстырсақ, Ресей бұл бағытта бізден әлдеқайда алда. Олар блогерліктің барлық қырын байқап көрді, түрлі монетизация тәсілдерін сынап үлгерді. Ал біз енді ғана қадам жасап жатырмыз. Бірақ менің ойымша, бұл тенденция тоқтап қалмайды, керісінше күшейе береді.

Сондықтан Қазақстанда блогинг пен жеке брендті дамыту өте маңызды. Неге? Өйткені

отандастарымыздың шығармашылығы, идеялары арқылы біз әлемдік нарыққа шыға аламыз, елді таныта аламыз. Екіншіке қарай, Қазақстанның жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орында екенін көпшілік біле бермейді. Ал біз қарапайым смартфон мен тегін әлеуметтік желілердің көмегімен елдің беделін көтеріп, оны жаһанға таныта аламыз. Бұл сала әрқашан сұраныста болады және пайда әкеледі. Сондықтан оны дамытуды бүгіннен бастау қажет.

Мысалы, егер сізде блогер болуға қажетті харизмаңыз болмаса да, қолыңызда телефон бар және жақсы табыс тапқыңыз келсе – сіз эксперт бола аласыз. Инстаграм жүргізіп, одан табыс табу үшін міндетті түрде контентмейкер болу шарт емес. Бұл үшін ең әуелі өміріңізде жақсы көретін бір істі табу және соны аудиторияға жеткізе білу қажет.

Айталық, сіздің мақсатыңыз миллиондаған аудитория жинау емес, бірақ өзіңізге сенетін 100 мыңдай жазылушыңыз болса да жеткілікті. Солар үшін сіз белгілі бір саладағы блогер әрі эксперт бола аласыз. Яғни Инстаграмда адамдар екіге бөлінеді: біріншісі – эксперттер, екіншісі – блогерлер.

Блогер – үлкен аудиторияға ұмтылады. Ал эксперттер өз саласында білімін, тәжірибесін бөлісетіндер. Өрине қазір бәсекелестік өте жоғары. Бірақ соған қарамастан, эксперт ретінде де, блогер ретінде де өз орнын табуға болады.

Мәселен, сіз дәрігерсіз. Мемлекеттік қызметте істейсіз, қоғамға қажет мамансыз. Бірақ сонымен қатар қосымша табыс табуды, онлайн арқылы бірдене сатуды немесе өз тәжірибеңізді көпшілікке жеткізуді қаласаңыз, Инстаграм сізге де мүмкіндік береді.

Бір ғана телефон арқылы парақшаңызды жүргізіп, дәрігерлік жұмысыңыз жайлы айта аласыз. Күнделікті тәжірибеңізден пайдалы кеңестермен, адамдар жиі кездесетін мәселелер мен олардың шешімдерімен бөлісе аласыз. Осылайша өзіңіздің эксперт ретіндегі беделіңізді қалыптастырып, аудитория жинайсыз. Ал аудиторияңыз сенім артқан сайын, одан табыс табудың да жолы ашылады.

– **Жас кәсіпкер үшін ең үлкен сынақ – қорқыныш пен сенімсіздік. Сіз ол кедергілерді қалай жеңдіңіз?**

– «Неге мен барлық кедергілерге қарамастан, Қазақстанда өз агенттігімді ашып, компаниямды дамытудамын?» – осы сұраққа жауап іздегенде ең алдымен бір нәрсені түсінемін: тәуекел етпей, ештеңе бастамай, қателеспей өмір сүрген адам ертең өкінішпен өмір сүреді. Ал мен ондай жолды қаламаймын.

Қазір жаспын, күш-қуатым бар. Үлкен отбасым жоқ, балаларға жауапкершілігім жоқ, яғни қателесуге, үйренуге, қайта тұруға мүмкіндігім мол. 40 жасқа келгенде «Неге ештеңе байқап көрмедім?» деп өкінім келмейді. Өмірдің мәні – батыл қадам жасап, өзіңді сынаудан тұрады.

Қорқыныш – қалыпты сезім. Бірақ оның күші бар: адам ненің алдында қорқса, сол жерде оның өсу мүмкіндігі жатыр. Бизнес ашудан қорқасың ба? Демек, сол бағытта қадам басуың керек. Камера алдында сөйлеуден қысыласың ба? Олай болса, дәл сол жерге бет алу қажет. Өйткені ол сенің жаңа деңгейіңе бастайтын есік.

Ал сенімсіздіктің себебі білмеуден шығады. Қалай есік ашуды білмесең, сол сәтте сенімсіздік пайда болады. Сондықтан білетін адамнан үйрену – ең дұрыс жол. Компания ашар алдында мен де тәжірибелі кәсіпкерден кеңес алдым. Әлеуметтік желінің артықшылығы да осында: кім немен айналысып жүргенін көріп, тікелей жазып, уақытын сатып алып, баға жетпес кеңес алуға болады.

– **Өз қатарластарыңызға не айтар едіңіз?**

– Біз, жастар, қазір қанымыз қызу, ойымыз ұшқыр, арманымыз асқақ шақтамыз. Бұл кезеңде ең бастысы – жауапкершілік аз, ал уақыт пен күш-қуат мол. Түн ұйықтамай еңбек етуге дайынбыз, барымызды салып беруге әзірміз. Сондықтан дәл осы шақ тәжірибе жинап, үлкендерден үйреніп, алған білімді іске жарататын ең қолайлы мезет.

Қазір ақша басты мақсат болмауы керек. Ақша кейін де келе береді. Үйді де аласыз, көлікті те аласыз, ата-анаңызға да жағдай жасайсыз. Шынымы айтсам, мен 30-40 жаста көлігі жоқ бірде-бір адамды білмеймін. Бұл – база, оған ұмтылудың қажеті жоқ. Бүгінгі ең қымбат қазына – тәжірибе мен адамдардан алған сабақ. Тек қаржыны ойлап жүрсеңіз, аз

жалақысы болса да мол білім беретін жобадан айырылып қаласыз. Ал тәжірибе мен әлеуметтік капиталдың құны өлшеусіз. Ақша – құрал ғана, ең төменгі деңгей.

Мен бір нәрсені байқадым: бүгінгі жастардың көпшілігінде «аштық» жоқ. Иә, табысқа, жетістікке деген аштық. Көпшілігі жай ғана орташа өмірге қанағат етеді. Ал неге орташа болу керек? Өмір мүмкіндік беріп тұрғанда, неге биікке ұмтылмасқа? Ата-анамыздың дәуірінде интернет жоқ еді, білімге қол жеткізу қиын болатын. Ал қазір мінсіз уақыт: ғаламтор бар, тегін кітаптар бар, шабыт сыйлайтын адамдар бар. Барлық мүмкіндік ашық тұр.

Өркім блогер болуы шарт емес. Егер жазғанды ұнатсаңыз – кітап жазыңыз. Сурет салуды сүйсеңіз – сурет салыңыз. Ақшаға байланып қалмаңыз. Ата-ана «тұрақтылық» дейді, «неге аз табасың?» деп алаңдайды. Бірақ олар басқа дәуірдің адамдары. Олардың кезінде тұрақтылық құнды болды. Қазір өмірдің өзі тұрақсыз: бір жұмысқа кіріп, қырық жыл отыру мүмкін емес. Сіз дамымасаңыз, сізді бір сәтте алмастырады. Сондықтан ең дұрыс шешім – өзіңізге инвестиция салу. Яғни біліміңізге, қабілетіңізге, тәжірибеңізге.

Өркіне нақты мамандық иелеріне (дәрігерге, заңгерге) диплом қажет. Бірақ кәсіпкерлік пен маркетинг секілді салаларда бастысы тәжірибе мен біліктілік.

Сондықтан жастық шақты босқа өткізбеу керек. Ішімдікке, темекіге, мәнсіз қыдыруға уақытты рәсуә етпеңіз. Әр күніңізді дамуға, арманға қарай бір қадам жасауға арнаңыз. Өмірді өзгертіңіз келсе – әрекет етіңіз. Армандап қана қоймай, сол арман үшін қимылданыз. Сонда ғана сіздің жолыңыз ашылады.

– **Әңгіменізге рақмет!**

Сұхбаттасқан
Нұршат НЫШАНОВА



ҚАСИЕТТІ СЫР БОЙЫНДА «ІЗІ ҚАЛҒАН ТҰЛҒАЛАР» ІЗІМЕН



Бұл мақаладағы басты кейіпкеріміз Садықбек Сапарбек болғанымен сәл ғана Қазақ зиялылары мен қазіргі жастар тәрбиесіндегі роліне тоқтала кетейін.

Санжар Керімбайдың «Өзбекәлі мәдени майдан», «Қаныш ғылыми майдан» кітаптарын оқып шыққаннан кейін осы мақаланы жазуға себеп болған еді. Қазақтың рухы мен намысын көтеретін керемет шығарма екен. Кітапты оқи отырып көп дүниені білмей келгеніме кәдімгідей қынжылдым. Кітаптан алған әсерімде шек жоқ. Сол әсерлерімді студенттерге, достарыма түгел айтып жеткізу мүмкін емес. Сондықтан осындай ұлы тұлғаларымызды насихаттайтын әдеби шығармаларды жастарға оқуға шақырып жүрмін. Жастар қазір оқудан қалып барады, бұл – өте қауіпті үрдіс. Сауатсыздық белең ала ма деп қорқамын. Әсіресе, мына жасанды интеллект заманында өте қауіпті. Адам оқу арқылы шындалып кемелденетінін ұмытпауымыз керек.

Жоғарыдағы кітаптардың ішінде небір казактың ұлы тұлғалары туралы да айтылады.

Негізі бізге уақытында көп дүниені айтпаған екен-ау деген ой түйдім.

Біздің Қазақ елі өз тәуелсіздігін алғаннан бері 35 жылға аяқ басты. Осы уақыт аралығында егемен ел ауыз толтырып айтарлықтай елеулі табыстарға қол жеткізді. Елімізде саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени өзгерістер жасалып жатыр.

Бірақта бір өттегені қалып бара жатқан сыңайлы. Өттегені көп заман болды ғой.

Ол төл тарихымыздағы зиялы атанған тұлғалар, халқына қызмет істеген интеллигенцияның таңдаулы өкілдері, ұлттық элита қатарында болып келген халқымыздың зиялы өкілдері әлі де болса жас ұрпаққа толық үлгі етіп насихатталмай келеді.

Бұл туралы Манап ағамыз (академик М.Қ.Қозыбаев) «Біз қазақ зиялыларының жалпы тарихын жазар белеске келіп қалдық. Онда зиялы қауым кім, ол қай заманда жеке тап болып, топ болып қалыптасты, қандай кезеңдерді басынан кешірді, қазақ зиялыларының өркеніетке қосқан үлесі қандай? - деген секілді келелі сауалдарға жауап беруіміз керек» деген.

Бұл жерде ағамыз әлі де болса ақиқатты түсінігіміз толық қалыптасып үлгермеген, шынайы бағасын алмаған өзекті мәселелердің

бірі – осы ұлттық интеллигенцияның тарихы туралы айтып отыр.

Расында, Кеңестік кезеңде «қазақ интеллигенциясы» шовинистік шырмаудың кесірінен жалпылай «орыс интеллигенциясының» көлеңкесінде қалып кетті.

Осы Қазақ интеллигенциясының қайнары болған тұлғалар саяси қудалауға ұшырауынан қазақ елі өзіміздің ұлттық мәдени құндылықтарымыздан айрылып қалдық. Осының салдарынан көзі ашық, көкірегі енді оянып келе жатқан жас ұрпақ өзге өркеніеттер әсеріне көбірек ұшырап кеттік.

Жиырмасыншы ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап орыстық шовинизм, одан кейін Сталиндік режим қазақ зиялыларының, көзі ашық, саналы оқығандарының көбеюіне астыртын қарусыз «саяси» шабуыл жасады. Өз қолымызды өзімізге кестіріп, жолымызды жапты.



Сол кездегі казактың зиялы өкілдері мен өнер иелері шығармаларын өз халқына арнап шығарды, өз жұртын жырлады, туындыларында ұлттың өмірін, көзқарасын, мүддесін білдірді, сөйтіп казактың ұлттық санасын оятуға күш жұмсалған болатын. Ал ол идеялар отаршылдардың көздеген мақсаттарына бүйірден сокқандай әсер етті.

Қазақ зиялылары ойлау қабілетін, санасын, ақылын – игілікке, ізгі мақсаттарға жұмсаған, көпке пайдалы істерге бағыттаған, ұлттық мәдениетті алға бастырып, руханиятқа өзіндік үлес қосуға қолданған, жаңашыл, жасампаз жандар еді.

Біздің зиялыларымыз рухани өресі кең, ойы терең, халқының даналығын бойына жинақтаған тұлғалар болды. Олар қоршаған ортасына, өзіне де, өзгеге де сыншылдықпен қарайтын, қоғамдық құбылыстарға өзіндік көзқараспен, адамгершілік, имандылық тұрғысынан бағалайтын. Өз тағдырының халық тағдырымен тығыз байланыстылығын жақсы ұғынған, халық мүддесін бәрінен де жоғары қойып, халықтың жоғын жоқтаушы, қорғанышы, ұлттық мұраттар жолындағы табанды күрескер еді.

Сондай тұлғаның бірі емес бірегейі десем артық болмас, Садықбек Сапарбек болатын.

Мұрағаттық мәліметтерде Садықбек Сапарбек 1902 жылы Жаңақорған ауданындағы Сыр-

дарияның сол жағалауындағы «Балапантөбе» деген жерде дүниеге келген, қазіргі «Байкенже» елді мекені болуы керек. Ол атау жергілікті жерде әлі бар. Әкесі кедей шаруа болған. 1912-1917 жылдары Жаңақорғандағы орыс-түзем мектебінде оқыған, қазір бұл мектептің ғимараты аудандық мұражайға айналған.

Садықбек небәрі 17 жасында партияда болып, 18 жасынан мемлекеттік, қоғамдық жұмыстармен айналысқан. 1920-1923 жылдар аралығында Түркістан өлкелік партия комитеті жанындағы партия мектебінің коммунистік жастар одағы бөлімін басқарды, сонымен бірге Алматы, Жетісу облыстық комсомол комитетінің хатшысы қызметтерін қоса атқарды. Мұндай лауазымды қызметтерді істеу кез келгеннің қолынан келе бермейді.

Сол жылдары Садықбек көрнекті комсомол қайраткері Ғани Мұратбаевпен бірге зейінді балаларды қамқорлыққа алып тәрбиеледі. Ғани

Садықбек Сапарбек сол кездегі қазақ жастары ішінен шыққан, Тимерязев атындағы академияны бітірген алғашқы қазақ азаматы еді.

Қазақ әдебиетінің кейінгі жанашырларының бірі, ғалым, Құлбек Ергөбектің Әбділда Тәжібайұлы жайында деректі ғұмырнамалық кітабында Садықбек туралы да мәліметтер кездеседі. «Ол орысша, қазақша екі тілде бірдей жазатын, уәжі, білімді кісі еді. Сол Садықбек ағам бір күні институтқа келіп тұр: Әбділда мен сені басшыларыңнан бір жылға сұрап алдым. Қарсақбайға бірге барамыз. Мен ауданды ұйымдастырамын. Отанға мыс береміз. Сен маған аудандық газет шығарып бересің. Қарсақбайдай ауданда газеттің болмауы ұят – деген екен. Мен үндеместен келісіп Садықбек ағамға ілесіп жүре бердім» дейді. Қарап отырсақ өндірісті аймақты көтеруге бара жатып, сол өндіріс мәдени-әлеуметтік жағдайына да мән бергендігі не деген көрегендігі.

«Садықбек жойқын қайраткер еді ғой. Маңдайымызға сыймады. Тірі болғанда ғажап халықшыл қайраткер болатын еді. Атылып кетті» деп қынжылып жазғаны бар.

Қазақстан бойынша қамауға алынғандардың саны 105 мың адамды құраса, оның 22 мыңы ату жазасына ұшырады. Солардың бірі де бірегейі жерлесіміз Садықбек Сапарбек еді.

Садықбек Сапарбек 1937 жылы қараша айында, Орал облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тұрған кезінде ұсталып, «халық жауы» деген жалған айыппен қамалды. 1938 жылы Алматы облысының Іле ауданына қарасты «Қарасу» маңындағы «Қандысай» деген жерде атылған екен.

Қазіргі таңда Жаңақорған ауданындағы №125 орта мектепке және бір көшеге Садықбек Сапарбектің есімі беріліп, ол оқыған мектепке ескерткіш тақта орнатылған.



Мұратбаев екеуі Ташкендегі базарда жүрген қазақ балаларын үгіттеп, киімдерін бүтіндеп, ыстық тамаққа еріндерін жеткізіп интернатта аппақ жылы төсекке жатқызып оқытқан. Кейін солардың ішінен небір атақты ғалымдар мен қоғам қайраткерлері шықты.

Профессор Әуелбек Қоныратбаев өз естеліктерінде: «Ел ішінде комсомолдың жұрт таныған екі жетекшісі болды, оның бірі – Ғани, бірі – Садықбек» деп бекер айтып отырған жоқ.

Жастардың жалынды жетекшісі болғаны соншалық, барлық Орталық Азия мен Қазақстанның комсомол белсенділері ол кезде осы екі тұлғаны идеал тұтып, солардың ықпалында өсті.

Елім, жерім деп өз халқының болашағы жолында адал қызмет еткен және сол жолда құрбан болған бабаларымыздың атқарған істері мен ерен еңбектерін кейінгі ұрпаққа үлгі етіп айтып та, жазып та отыру бүгінгі оқыған зиялы қауымның үлкен міндеті деп білемін.

Жастарымыз көзі ашық, көкірегі ояу, кемелденген еліміздің азаматтары болуға ұмтылса екен.

Оразхан АЙДАРОВ,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, география ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ САҚТАНДЫРЫЛҒАНДАР ҚАТАРЫНАН ШЫҒЫП ҚАЛМАУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?



Сақтандырылдым деп ойлап, емхана табалдырығында тосылғандар аз емес. Кейбір азаматтар МӘМС жүйесіне қате төлем жасап, нәтижесінде мәртебесіз қалып қояды. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры осы мәртебеге қатысты ең жиі қойылатын сұрақтар мен туындайтын жағдайларды түсіндіріп берді.

«МӘМС» туралы заңға сәйкес, сақтандырылған мәртебесі өткен немесе алдағы 12 айға төлем жасаған азаматқа беріледі. Соңғысын көбіне осы күнге дейін жүйеге бір де бір рет төлем жасамаған дербес төлеушілер аударлады.

«Дербес төлеушілер алдағы бір жылға төлем жасағанда көп қате жібереді. Кейбір азаматтар 12 айдыкі бір айға төлеп қояды, жылын дұрыс таңдамайды немесе осы айдан жыл соңына дейін ғана төлеп, сақтандырылған мәртебесін ала алмадым деп хабарласады. Негізі айы мен жылын дұрыс көрсетіп, 1 жылға жеке-жеке төлеу қажет. Ал басқа мерзімге шатасып төлеп қойса, ақшаны қайтарып ала алады. Ол үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік

корпорациясына өтініш жазып, түбіртектерін бірге тапсыруы керек», – дейді Қордың ресми өкілі Забира Оразалиева.

Тағы ескеретін жайт, егер ағымдағы айдың аяқталуына шамалы күндер қалса немесе осы айда медициналық көмекке жүгінуді жоспарламасаңыз, келесі айдан бастап төлем жасаған абзал. Яғни, 2025 жылдың қыркүйек айынан 2026 жылдың тамыз айына дейін төлеп, бір жыл бойы МӘМС аясында емделуге мүмкіндік бар.

Сондай-ақ, халықтың экономикалық белсенді бөлігі МӘМС үшін төлем жасайды және оның айтарлықтай үлесін жұмыс берушілер мен қызметкерлер құрайды. Осы жерде ескере кететін жайт, жұмыс беруші бір күнтізбелік айдан асатын ақылы еңбек демалысы кезеңінде (мысалы, мұғалімдер) кірісті есептеу кезінде аударымдар мен жарналарды демалыс күндерінің санына тепе-тең есептелген кезеңдер бойынша бөле отырып, бір төлеммен жүргізу қажет. Ал жұмыскер ұзақ мерзімді курсқа кетсе немесе көп уақыт ауырған жағдайда сақтандыру мәртебесін жоғалтпау мақсатында сол айға дербес төлеуші ретінде (АЕК-тің 5%-ы, яғни 4 250 теңге) өздігінен төлеуі керек.

«Сонымен бірге, 2026 жылдан бастап МӘМС жүйесіне

қатысудың тұрақтылығын арттыру мақсатында маңызды норма енгізілмек. Бес жыл бойы тұрақты жарна төлеген адам қандай да бір себеппен төлем жасай алмаса, оның мәртебесі бұрынғы 3 айдың орнына 6 айға дейін сақталады, ал МӘМС жүйесіне 5 жылдан кем қатысқан жағдайда, сақтандыру мәртебесі сол 3 айдан аспайды», – деді Оразалиева.

Бұл өзгеріс тұрақты түрде жүйеге қатысып келген, бірақ уақытша қиындыққа тап болған азаматтарды қолдауға мүмкіндік береді.

Еске салайық, егер қосымша сұрақтарыңыз болса немесе медициналық көмек алуда қиындықтар туындаса, өз емхананыздағы «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгіне аласыз. Сонымен бірге, Қордың өзіңізге ыңғайлы арналары арқылы өтініш-шағымдарыңызды қалдыра аласыз:

- msqory.kz ресми сайты;
- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы;
- Telegramдағы SaqtandyryBot.

Айгүл АХАНОВА,

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы

Мен үркітіп алдым

– Мен сені көп іздедім. Түсімде көрдім. Менің түстерімнің орындалмауы мүмкін емес еді. Жақсылыққа жорыдым. Кездесетін шығармын деген үмітім алдамайтынына сенгім келді.

– Мен келдім, міне, арманың алдаған жоқ. Мұңаймашы, жаным.

– Сен ешнәрсе түсінбейсің. Түсіну де мүмкін емес. Өйткені мен өзімді өзім таба алмай жүрмін.

– Өзгеріп кетіпсің. Сен бұрын мүлдем басқа едің.

– Үнемі күліп жүретімін. Ешқандай мұңды нәрсені ойыма алмақ былай тұрсын, қыздармен қағысып қалсам да, әзілмен жуып-шайып жүретін бе едім?

– Иә, солай еді бәрі де.

– Жоқ, қателессең. Менде мұң бұрыннан бар. Тек сен ештеңе сезбедің. Менің досым жоқ.

– Қалайша? Айналадағылардың бәрінің ілтипаты ерекше емес пе?

– Олар бергі жағы. Менің күліп қарағанымға күліп қайтарған жауабы. Өтірікке тек өтірікпен жауап бергені.

– Онда сен ерте немесе кеш туып қалдың.

– Қалайша? Неге?

– Құрбыластарыңмен ұғыса алмасаң ненің мәнісі бар?

– Сонда менің достарым кім болар еді?

– Білмеймін, бірақ сендегі жағдайлар кітаптың өміріне ұқсайды. Мүмкін көп оқығанның...

– Жынданғансың демекшісің бе?

– Көзің алақандай болып кетті ғой. Құдай сақтасын! Олай демедің. Есіңнің дұрыстығына шек келтірмеймін. Тек түсіну қиын екен.

– Білесің бе, мен ақымақпын.

– Білемін.

– Жоғалттым дейтін, сөйтіп өзімді жұбататын ешнәрсем де жоқ. Елден ерекше де емеспін. Ерекше ештеңе де ойлай алмаймын. Кәдімгі көптің біріне ұқсаймын.

– Көптің біріне ұқсау да ақымақтық болып па?

– Ең болмағанда өзіне сүйсініп жүрмеген соң бәрі бекер екен.

– Өзіне өзі сүйсіну?! Сорақылықты да аңсайтындар бар екен-ау?

– Сүйсінгеннің несі сорақылық? Өзіңді өзің сыйлау да содан басталмай ма?

– Ол – сенің пікірің.

– Қазіргі адамдардың аузының дуасы кеткен. Біздің өміріміздің өлшемі тек қана дүние болды. Атақ, ақша... Шынымен-ақ басқа ештеңе құнды емес пе?

– Міне, сен енді өзіңді таптың.

– Саған рақмет!

– Айтшы, осы мен саған кім болам?

– Әулиемсің.

– ...

– Рас айтам, сенімен жүздессем, көңілім марқайып, ойым он жасқа есейеді. Санамда сәуле оты жанғандай әсер алам...

– Қайда, қайда кеттің Сен?! Тоқташы. Тоқта...

Ол кетіп қалды. Қайырылып келе ме? Беймәлім. Әулие-өлең үркіп кетті.

Түнгі диалог

Ермек ертемен тұрды. Таң сібірлеп атып келеді. Ботагөз пысы етіп ұйықтап жатыр. Бар өкпесі ерніне жиналыпты, кінә арта бұртияды. Қабағының арасына түскен қос сызық та тарқамаған ашудың сызаты тәрізді.

– ...Сен мені жақсы көрмей барасын-ау деймін.

– Оны кім айтып жүр саған?

Ермек әйелінің шашын еркелете сипалады. Пісте мұрнынан әлсіз қысып-қысып:

– Сондай нәрселерді қайдан тауып аласың? – деді күлімдеп.

– Ондайды біреуден естудің қажеті шамалы. Сезетін сияқтымын.

Бұл әңгімені көптен бері ойында қайталап жүрген Ботагөздің көзқарасы байыпты еді.

– Көңіл бөлмеді деп кінә артпашы, Боташ, шаршап жүрмін.

– Білесің бе, біздің екеуміздің арамызда әңгіме де таусылды.

– Қайдағыны айтатының не?

– Өтірік пе? Таңертең тұрамыз. Оразамызды да отырып, емен-жарқын әңгімемен ашқан емеспіз. Бір үзім нан аузыңа салмастан әлденеге асыққандай кетесің жұмысқа. Түсте де сол, тамақтанып болысымен көз шырымын аласың да, тағы да жұмыс. Кешке де сол. Жатар орынға жеткенше асығасың. Сөйтіп қорылға басасың. Сонда мені тек қана үй күтушісі болу үшін келіншек еттің бе?

– Ауылдан балаларды алып келсек қайтеді?

– Бұл мені қайтесің, балаларды алданып етсең болмай ма дегенің бе?

– Сен кәдімгідей шын айтып отырсың ба?

– Сен, шыныңды айтшы, жұмысқа асығып кеткеніндей, үйге де асығып келесің бе?

– Мен ешқашан қызықты даладан іздеген емеспін. Бәрі саған байланысты.

– Неге маған байланысты? Сонда өзіңнің ақылың жоқ па? Менің қолымда тұрған ештеңе жоқ. Мұны сен өте жақсы білесің. Бакытты әркім бағалай алмайтыны сияқты, ер-азамат ретінде Құдай мойнына ілген артықшылықты да алып жүру оңай емес. Соңғы сөзді сенен күтетінімді біле тұра, жауапкершілікті маған ысыра салуың әділетсіздік.

– Не нәрсенің де паркына үңілу үшін әуелі мойындаған абзалырақ. Жеңу мен жеңілудің аражігін ажыратады.

– Сенгім келеді. Бірақ бәрібір тым сенімді емес сияқтымын.

– Егер мен осы сөзінді өзіңе айтсам не дер едің?

– Олай деуіңе ешқандай негіз жоқ.

– Ал мен ше?

– Еркектердің жөні бөлек.

– Сонда әйелдер кім?

– Әйелдер?..

– Қапияда қатын ақыл табады деуші ме еді?

– Қалжыңға айналдырғың келе ме?

– Сен бұрын мүлдем мұндай емес едің.

– Сөзіңе жол болсын! Бұрын ата-анаммен бірге тұратынмын.

Ал қазір сенімен!

– Кешіріші, мен ештеңе байқамаппын. Тіпті осылай болу керек деп ойлаған да шығармын. Енді мен де отбасылық өмірден енді ғана тәжірибе алып жатырмын ғой. Басқаны қаламаймын. Іздемеймін де...

– ...

Барлық отбасы әртүрлі бакытты, бірдей бакытсыз.

Портфелімді әперші

Бұрылыстан айнала бергенім сол еді, ол менің соңыма түсті. Өкшелеп келеді. Алқынған демі айқын естілген сайын жүрегім өрекіп аузыма тығылды. Жүрісімді жылдамдата түстім. Ол да екпіндей берді.

– Қ-к-құдай үшін қашпаңызшы.

Селк еттім. Жүгіруге шамам жоқ еді. Аяғымның тамыры тартылып барады.

– Сізге не керек?

Артыма бұрылдым. Ұсыны келіспеген кір-кір, алба-жұлба оның түрі адам шошырлық еді.

– Мен қорқам сізден.

– Қ-к-қорықпаңыз.

– Сіз массыз.

– Менің бұлай жүруіме тек сол кінәлі.

Ол теңселіп тұр. Масаң жүзін жас жуып кетті.

– Кімді айтасыз?

– Оңбаған, зымиян қ-к-қатын ол.

Мас адам. Бұл маған не айтқысы келді? Неге тоқтатты? Маспен сөйлесуге бола ма өзі?

– Менің барлық жұмысымды ұрлатып жіберді.

– Кім?

– Сіз кімнің алдында тұрғаныңызды білесіз бе?

Ол ұйқысынан шошып ояңғандай есін жия қалды.

– Мен ғылым докторымын. Профессормын. Академикпін.

Мен... мен...

Ол қайтадан кемсендей бастады. Жылады.

– Мен... мен... сөз жоқ, сондай болатын едім...

«Жынды ма бұл?»

– Ә-ә-ә, сіз мені жынды деп ойлап тұрсыз ба?

– Ж-ж-жоқ, а-а-а оны қайдан білдіңіз?

– Білем, білем, сендейлердің талайын көргем. Олар менің асымды ішіп, аяғымды тепті. Білесің бе, менің жиырма жыл тіртінектеп жиғанымды бір-ақ күнде... ұрлап кетті деп өтірік айтады. Әдейі құртты. Мені осындай болсын деп, ойым орындалмасын, мақсатым майырылсын, арманымның аяғы аспаннан келсін деп әдейі істеді... әдейі...

Ол жерге отыра қалды. Топырақты тырнап, жерге басын ұра бастады. Тырнағының көбесі сөгіліп, шым-шым қан шықты.

Топырақ араласқан алақанымен бір кезде шашын жұлды.

– Қараңызшы, мен жаспын әрі сұлуымн. Мұртым



да өзіме жарасады. Үстіме кара костюм-шалбар, галстук, қолымда портфель. Академияның баспалдағымен алшаң-алшаң басып көтеріліп келемін.

Ол көзін жұмды. Бейшара-ай, шашы қудай, жұлмалаған сайын уыс-уыс болып алақанында қалды. Бет-аузын жүн басқан, айғыз-айғыз... Үстіне іле салғаны жұлым-жұлым бірдене.

– Мен кімнен кеммін, айтшы, кімнен кеммін?! Айттым... қатынсыз өтейін дедім. Бірақ арманыма жетейінші дедім әкешеме. Болмады. Енді, міне, немере сүймек түгілі келіннің күйігінен қайыршы күйге түсті. Баласынан тірідей айырылды.

– Ол қайда?

– Білмеймін. Білгім келмейді. Бірақ мен бұл арманыма да жете алмаймын. Өйткені білем, білем, құрғырдың қайда екенін. Кетті. Сонымен бірге кетті. Өртеніп кеткір сол жерде тұрады.

– Сотқа неге бермедің?

– Не?! Мазактауға көштің бе? Жұртта ұлып қалған жындыны кім тыңдайды. Мә, ұста!

– Керек емес.

– Ұста! Бұл – менің жынды деген қағазым. Үйде мың дана көшірмесі бар.

– Мың?! – Иә, мың! О дүниеге онсыз кіргізбейді екен.

– Балаларың бар ма?

– Жатыры онбаған жүгірмектердің мен үшін құны көк тиын.

Ішім өртеніп барады, араққа ақша берші.

– Мә, ал.

– Өзің бір сондай сараң адам екенсің. Профессормен танысқаның жүз теңгемен жуушы ма еді? Әлде көңілің толмай тұр ма? Портфелімді әперші.

– Қайдағы протфель?

– Бәрің бірдейсіңдер. Ештеңені де көре алмайсыңдар.

Ештеңені... Құдай-ау, ештеңені...

Ол жылап жүріп еңкейді де, ауа кармап, әлденені ұстаған болды да, қолтығына қыстырып кете барды. Мен де еңкейіп, бірденені ұстата салмағанымға өкіндім. Бір тілегі қабыл болар еді...

Жан САҒИДА

«АДАЛ АДАМ – АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС» ҚАҒИДАТЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылына орай Қызылорда қаласында «Торғай-Петролеум» АҚ қызметкерлерімен Қызылорда облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы ақпараттық-түсіндіру тобының қатысуымен «Адал адам – адал еңбек – адал табыс» тақырыбында кездесу өткізілді.



Іс-шараға ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері – «Қоғамдық келісім» КММ директорының орынбасары, философия ғылымдарының докторы (PhD) Дәулет Омаров, Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты, мәслихаттағы Қазақстан халқы Ассамблеясының депутаттық тобының жетекшісі Мақсұт Нәлібаев, сондай-ақ «Қазақстандағы орис қауымдастығы» филиалының төрағасы Наталья Мишукова қатысты.

Кездесу барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда атап көрсеткен «Адал адам – адал еңбек – адал табыс»

қағидаты кеңінен түсіндірілді. Қоғамда әділдік, жауапкершілік және өрлеу құндылықтарын орнықтырудың маңызына ерекше назар аударылды.

Спикерлердің айтуынша, бұл қағидат әрбір азаматтың өмірлік ұстанымына айналған жағдайда еліміз әділетті, бірлігі бекем әрі болашағы жарқын мемлекетке айналмақ. Сонымен қатар жастарды адал еңбек етуге, адал жолмен табыс табуға және ел дамуына белсене үлес қосуға шақырды.

АЖ ақпарат

«Samsung Solve For Tomorrow 2025» республикалық стартаптар байқауында Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің Nuanix командасы II орынға ие болып, 2,5 миллион теңге көлемінде жұлде жеңіп алды.



ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ЗИЯТКЕРЛЕР ҮЗДІК ЖАҢАШЫЛДАР ҚАТАРЫНДА

Биылғы байқауға еліміздің түкпір-түкпірінен келген 3400-ден астам оқушы қатысып, қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған 992 инновациялық идеяны ұсынды.

Nuanix командасы атынан 12-сынып оқушылары – Әділхан Жантурин, Гүлім Болатқызы, Ерасыл Айдарбек және Аяжан Төребек – ReMotion жобасын таныстырды. Бұл консульттан кейінгі науқастардың ұсақ моторикасын қалпына келтіруге көмектесетін және әртүрлі ойын элементтері арқылы жаттығуларды

қызықты әрі тиімді ететін цифрлық шешім. Ұйымдастырушылардың айтуынша, сырбойылық зияткерлер байқау барысында ерекше табандылық танытып, бастапқы өтінімнен финалға дейін өз өнімін үнемі жетілдіріп отырған.

«Samsung Solve For Tomorrow» жыл сайын өткізіледі және ол жастардың тың бастамаларын қолдауға, оқушылардың STEM саласына деген қызығушылығын арттыруға, сондай-ақ кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға бағытталған.

АЖ ақпарат

КӨНЕ КІТАПХАНАЛАР: ӨРКЕНИЕТ ҚОЙМАСЫ



Адамзат үшін кітапхана – сарқылмас қазына, өркениеттің айнасы, руханияттың алтын бесігі. Сонау тасқа қашалған таңбадан бастап, балшыққа басылған сына жазуға, папирус шиыршықтарынан пергаментке, одан кітапқа дейінгі жол – адамзаттың ой мен парасатқа деген шексіз құштарлығының айғағы. Сол құштарлықтың мәңгілік мекеніне айналған орын – кітапхана.

Адамзат тарихында талай ұлы кітапханалар өртеніп, талайы тоналды. Бірақ білімге деген құштарлық ешқашан жоғалған жоқ. Күйреген кітапхананың орнына жаңасы салынды, жоғалған мұраның орнына жаңасы жазылды. Бұл – кітапхананың тек ғимарат емес, мәңгілік идея, рухани құндылық екенін дәлелдейді.

Сондықтан кітапхана – адамзаттың дамуына тірек, ұлттың болмысына тіршілік нәрі, өркениеттің өрге сүйер шамшырағы. Ол – өткенді бүгінге жалғап, бүгінді болашаққа жеткізетін алтын көпір. Кітапхана – кітап қана емес, халықтың жадын, мәдениетін, дүниетанымын сақтайтын ұлы қоймаға айналды. Әлемдегі ең көне кітапханалар осыны дәлелдейді.

Ассирия патшасы Ашшурбанипалдың (б.з.д. VII ғ.) Ниневия қаласында жинаған кітапханасы тарихтағы ең алғашқы жүйелі кітапханалардың бірі саналады. Қазба жұмыстары барысында табылған 30 мыңнан астам балшық тілімдерінің ішінде астрономия, медицина, заң, діни мәтіндер, тіпті әйгілі «Гильгамеш жыры» да бар. Бұл – ежелгі адамзат ойының энциклопедиясы іспетті мұра.

Ежелгі әлемдегі ең даңқты кітапхана – Александрия кітапханасы. Ол б.з.д. III ғасырда Птолемей әулетінің бастамасымен құрылған. Ғалымдар мен ойшылдар жиналған бұл жерде жүздеген мың папирус сақталды. Мұнда Евклид, Архимед сынды ғалымдар еңбектенгені айтылады. Өкінішке қарай, өрт пен саяси қақтығыстар салдарынан кітапхана жойылып кетті. Дегенмен оның рухы бүгінде жаңғырып, 2002 жылы ашылған «Bibliotheca Alexandrina» заманауи зерттеу орталығына айналды.

Ал Пергам кітапханасы – пергаменттің туған жері. Александриямен бәсекелес Пергам (қазіргі Түркия аумағында) да ірі кітапханалар қатарынан орын алды. Мұнда жүз мыңдаған қолжазба жинақталып, ерекше материал – пергамент дүниеге келді. Пергамент кейінгі ғасырларда кітап жасау өнерін түбегейлі өзгертіп, қағазға дейінгі ең сенімді материал ретінде қолданылды.

Үндістандағы Наланда университеті (V–XII ғғ.) – бүкіл Азиядағы білім орталығы болды. Мұнда мыңдаған шәкірт білім алды, бірнеше қабатты алып кітапханалар жұмыс істеді. Қытай саяхатшысы Сюань Цзянь «Наланда кітапханасы көлемінің үлкендігі соншалық, өрт жайлағанда айлар бойы жанып тұрды» деп жазған. Өкінішке қарай, шапқыншылықтар кезінде бұл мұра толығымен жойылды.

IX ғасырда Бағдатта құрылған «Байт әл-Хикма» (Даналық үйі) – ғылым мен мәдениеттің ордасы болды. Мұнда грек, парсы, үнді шығармалары арабшаға аударылды. Әл-Хорезми, Ибн Сина, әл-Фараби сынды ғалымдардың еңбектері осы орталықта кеңінен тарады. Бұл кітапхана арқылы Еуропа Қайта өрлеу дәуірінде шығыс ғылымының жемісін пайдаланды.


Марокконың Фес қаласында 859 жылы әйел меценат Фатима әл-Фихри негізін қалаған Әл-Қарауиын университетінің кітапханасы – әлемдегі үздіксіз жұмыс істеп келе жатқан ең көне кітапхана. Мұнда ислам философиясы, құқық, жаратылыстану ғылымдары бойынша сирек қолжазбалар сақталған. 2016 жылы толық реставрациядан өткеннен кейін әлем ғалымдары үшін есігін айқара ашты.

Орта ғасырларда Еуропада да қоғамдық кітапханалар пайда болды. Оның ішінде Италиядағы Малатестиана кітапханасы

(1452 ж.) – халыққа ашық болған алғашқы кітапханалардың бірі. Бұл мұра бүгін UNESCO-ның «Әлем жады» тізіміне енгізілген. Ал Ватикан кітапханасы мен Оксфордтағы Бодлейан кітапханасы Еуропаның мәдени дамуына үлкен ықпал етті.

Көне кітапханалар – өркениеттің зердесі. Олар тарихтың соқпақ жолында талай рет күйреп, қайта түлегенімен, адамзаттың білімге деген құштарлығын жоя алмады. Бүгінде бұл мұралар цифрландырылып, әлемнің кез келген бұрышындағы адамға қолжетімді болуда. Ежелгі кітапханалардан қалған сабақ – білімді сақтау, бөлісу және құрметтеу – адамзат дамуының басты кепілі.

А.МАРАТҚЫЗЫ



7 ҚЫРКҮЙЕК – СОҒЫС ОЙЫНШЫҚТАРЫН ЖОЮ КҮНІ

БАЛАЛАРДЫ БЕЙБІТШІЛІККЕ БЕЙІМДЕЙІК

Адамзат тарихына көз жүгіртсек, соғыс пен қақтығыс қаншама қайғы-қасірет әкелгенін көреміз. Бір елді екіншісі жауласа, бір әулеттен талай адам айырылды. Қаншама шаңырақтың оты өшіп, ұрпақтың тағдыры күйреді. Осыны көрген халық бейбіт өмірдің қадірін бәрінен артық бағалайды.

Сол бейбітшілікті дәріптеу – ең алдымен бала тәрбиесінен басталады. Өйткені бүгінгі ойыншықпен ойнаған бүлдіршін – ертеңгі қоғамның мүшесі. Сол себепті жыл сайын 7 қыркүйек – Соғыс ойыншықтарын жою күні ретінде аталып өтеді. Бұл күн балаларға қару емес, достық пен мейірімділік сыйлайтын ойыншықты тандай білуді еске салады.

Ойыннан от шықпасын...

Әдетте біз ойыншықты тек ермек көзі деп ойлаймыз. Бірақ ойыншықтың да өз тілі бар. Ол балаға үнсіз тәрбие береді. Қуыршақ ойнаған қыз бала қамқорлықты үйренсе, құрылыс ойыншықтарын ермек көрген ұл бала ойлануға дағдыланады. Ал қолына мылтық пен пышақ ұстаған балаға «күшпен шешу» ойы еріксіз қалыптасуы мүмкін.



Психологтар мұндай ойыншықтар баланың агрессиясын күшейтетінін айтады. «Жауды жою», «қарумен жеңу» секілді түсінік ойында қалыптасып, шынайы өмірге де әсер етуі ғажап емес. Бір-бірімен ойнап жүрген бүлдіршіндердің «сені аттым», «мен сені өлтірдім» деп айқайлауы осының дәлелі. Бұл – бейбіт ойынның артында үнсіз қатердің жатқанын көрсетеді.

Жас ұрпақтың санасына зорлықты ерлік ретінде сіңіру – болашақ қоғамға жасалған қастандықпен тең. Сондықтан әлемнің көптеген елдері балаларды бейбіт ойға жетелеп, 7 қыркүйекті ерекше күн ретінде белгілеген.

Қатігездікке бастайтын ермек

Қазіргі дүкен сөрелеріне қарасаңыз, түрі қорқынышты құбыжықтар мен үрейлі кейіпкерлерге толы ойыншықтарды жиі кездестіресіз. Қызығы сол – балалар дәл осыларға құмар. Қолында қанжары бар монстр, көзі қып-қызыл робот немесе құбыжыққа ұқсайтын қуыршақ қазір сәнге айналып үлгерді.

Тағы бір парадокс – мұндай ойыншықтардың бағасы арзан емес. Кейбірі қарапайым отбасының бір айлық табысына тең. Соған қарамастан, сұранысқа шек жоқ. Бұл – маркетингтің аясы. Өндірушілер балалардың қиялын жақсы жарнама арқылы баурап, ата-ананы қымбат ойыншық алуға итермелейді. Нәтижесінде бала бойына бірнеше қажетсіз қасиеттерді сіңіруі мүмкін.

Әлемнің дамыған елдері бұл мәселені ертерек түсініп, «бейбіт ойыншық» өндірісін жолға қойған. Мысалы, Жапонияда ғылымға қызықтыратын құрылғылар, Еуропада шығармашылыққа жетелейтін ойындар кең тараған. Олар баланың ойлау қабілетін дамытып, төзімділікке үйретеді.

Ал бізде әлі де әскерилердің автоматы немесе пышағы өтімді тауарлардың бірі. Бірақ таңдау ата-ананың қолында. Қарапайым конструктор, табиғатты танытатын үстел ойыны немесе сурет салуға арналған құрал – бір мылтықтан әлдеқайда пайдалы. Мұндай ойындар баланы қиялға жетелейді, білімге ын-таландырады.

Өрине, ойыншық – балалық шақтың ажырамас бөлігі. Бірақ балаға берер ең ұлкен сыйлық – оның дамуына сеп болатын пайдалы дүние. Бір қымбат роботтың орнына сүйікті кітабын сыйлау – ой-өрісін кеңейтеді. Бір пластик мылтықтың орнына спорт үйірмесіне жазу – денсаулығын нығайтады.

Музыкалық аспапқа баулу – құлақ пен қиялды шыңдайды, ал сурет салу құралдары – шығармашылыққа жетелейді. Мұндай дүниелер баланың тек уақытын қызыққа толтырып қоймай, оның болашағына салынған инвестицияға айналады. Бала өскенде ойыншықты емес, алған тәрбиесін ұмытпайды.

7 қыркүйек – Соғыс ойыншықтарын жою күні бізге жай ғана атаулы күн болып көрінуі мүмкін. Бірақ оның мәні терең. Бұл күні әрбір ата-ананы «баланың қолындағы ойыншық қауіпсіз бе?» деген сұрақты мазалауы тиіс.

Қорлан САРЫ

Болгарияда «KARNOLSKY SUMMER CAMP» халықаралық өнер байқауы өтті. Өнер додасында Сыр елінің атынан қатысқан Айару Дидарқызы I орынды, Муслима Дарханқызы II орынды иеленіп, туған елдің мәртебесін тағы бір асқақтатты.

ЖАС ӨНЕРПАЗДАР ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ



Халықаралық деңгейде өткен бұл байқау болгардың атақты әншісі Карнольскидің құрметіне арналған. Жарысқа Армения, Болгария, Украина, Польша, Қазақстан және Грузиядан келген 300-ге жуық өнерпаз қатысып бақ сынады.

Жас өнерпаздардың ұстазы – ҚР мәдениет саласының үздігі Бағдагүл Сайынқызы.

Арманы айқын Сыр сандуғаштарын жеңісімен құттықтаймыз!

“АЖ” ақпарат